

Халықтың көші-қоны туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2011.07.22 № 477-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы заңға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ оралмандар үшін жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасауды белгілейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бейімдеу қызметтері - оралмандар мен олардың отбасыларының мүшелеріне оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында көрсетілетін, құқықтық консультацияны, мемлекеттік тілді және қалауы бойынша орыс тілін оқытуды, кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын қызметтер кешені;

2) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.04 N 217-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) еңбек көші-қоны - жеке тұлғалардың еңбек қызметін жүзеге асыру үшін басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан, сондай-ақ мемлекет ішінде уақытша қоныс ауыстыруы;

4) заңсыз көшіп келушілер - келу, кету, болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жүріп өту тәртібін реттейтін заңнаманы бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген және онда болатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар;

5) көші-қон - жеке тұлғалардың бір мемлекеттен басқа мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті немесе мәжбүрлі қоныс а у ы с т ы р у ы ;

6) көшіп келу - шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі;

7) көшіп келушілер - Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келген шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар;

8) көшіп кету - Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін кетуі;

9) көшіп кетушілер - Қазақстан Республикасының басқа мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін көшіп кеткен азаматтары;

10) көшіп-қонушылар - Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ себептеріне және уақытының ұзақтығына қарамастан Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударған адамдар;

11) оралмандар - Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар;

12) оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы - оралмандардың және олардың отбасылары мүшелерінің уақытша тұруына және оларға бейімделу қызметтерін көрсетуге арналған орын;

13) оралмандардың көшіп келу квотасы - Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін, осы Заңға сәйкес жеңілдіктермен, өтемақылармен және бір ж о л ғ ы ж ә р д е м а қ ы л а р м е н қамтамасыз етілетін оралмандар отбасыларының саны;

14) отбасымен көшіп келу - Қазақстан Республикасында тұрып жатқан өзінің отбасы мүшелерімен қосылу үшін отбасы мүшесінің және мүшелерінің Қазақстан Республикасына келуі;

15) уақытша орналастыру орталығы - өздерін оралмандар деп тану туралы өтініш берген адамдардың және олардың отбасылары мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болу орны;

16) ұжымдасып көшіп келу - Қазақстан Республикасына ұжымдасып қоныс а у д а р у ;

17) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - өз құзыреті шегінде көші-қон процестерін реттеуді және халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган; . U 1 0 1 0 3 9

18) ішкі көші-қон - жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішінде тұрақты немесе уақытша, сондай-ақ маусымдық қоныс ауыстыруы.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 N 276, өзгерту енгізілді - ҚР

2009.12.04 N 217-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

2-бап. Халықтың көші-қонын реттейтін заңдар

Көші-қон саласындағы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

3-бап. Халықтың көші-қонын реттеудің негізгі принциптері

Халықтың көші-қонын реттеу:

- Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген адамның тұратын жерін еркін таңдау құқығын, еңбек бостандығын, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауын, кету бостандығын, жүріп-тұру бостандығын қамтамасыз ету;

- шығу тегіне, әлеуметтік, қызмет және мүлік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарай қандай да бір кемсітуге жол беруге болмайтындығы;

- Қазақстан Республикасы көші-қон заңдарының республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның өткен тарихы мен дәстүрлерін, даму перспективаларын ескере отырып, Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның халықаралық нормалары мен ұсыныстарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

- ұлты қазақ адамдарды Қазақстан Республикасына қоныстандыруға жан-жақты жәрдемдесу, олардың қоныс тебуін ұйымдастыру, жұмыс орындарын ашу, оралмандарды әлеуметтік қамсыздандыру және оларға әлеуметтік көмек көрсету;

- әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты ықтимал көші-қон мен көші-қон лектерінің бағыттарын болжауға негізделген іс-әрекеттердің орташа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларында әлеуметтік-экономикалық ынталандыруды талдап жасау негізінде ел ішінде де, одан тыс жерлерде де жөн-жосықсыз және ретсіз процестерді болғызбау;

- көші-қон процестерін ретке келтіруді ұйымдастыруға тиісті мемлекеттік органдардың қатысуы;

- бастаманы мемлекеттік атаулы қолдау жағдайында көшіп-қонушылардың жаңа қоныста жайласуға жеке өзінің қатысуы және әрқайсысының, ең алдымен экологиялық және дүлей зілзала аймақтарынан қоныс аударушылардың өз бетінше іс-әрекет етуі;

- басқа елдермен, әсіресе көшіп келушілерді қабылдаушы елдермен оқып білім алу, кәсіби даярлық, еңбек көші-қоны түрінде заңсыз көшіп-қонуды азайту саласында ынтымақтастық жасау принциптеріне негізделеді.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

4-бап. Көші-қон субъектілері және оларды тіркеу

Басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына қоныс аударған көшіп келушілерге, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оралмандар мәртебесі не Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген өзге де мәртебе беріледі.

Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттерге заңды негіздерде қоныс аударған адамдар көшіп кетушілер мәртебесін алады. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің қызметкерлері, шет елдерде уақытша еңбек қызметін жүзеге асырып жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары, бітімгершілік борышын орындап жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ шет елдерде оқып, емделіп жүрген, туристік сапарда, ұйымдар мен жеке адамдардың шақыруы бойынша, қызметтік іссапарда жүрген адамдар көшіп кетушілерге жатпайды.

Қазақстан Республикасына келген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көші-қон карточкалары беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағындағы әрбір көші-қон субъектісі өзінің тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде тіркелуге міндетті. Көші-қон субъектілерін тіркеу жеке басты куәландыратын құжаттар бойынша жүзеге асырылады. Жеке басты куәландыратын құжаттар тізбесін және тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының аумағында пана іздеген адамдардың және босқындардың құқықтық жағдайы "Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.01.12. N 227, өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.04 N 217-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Еңбек көші-қоны

5-бап. Еңбек көші-қонын жүзеге асыру тәртібі

Қазақстан Республикасы аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдегі Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Еңбек көші-қонын реттеу кезінде ішкі еңбек рыногын қорғауға басым мән беріледі. Бұл орайда еңбекшілерді - Қазақстан Республикасы аумағына заңды түрде жіберілген көшіп келушілерді еңбек рыногындағы жағдайға байланысты көшіріп жіберуге жол берілмейді.

Осы Заңның 11-бабында көзделген жағдайларда шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбек қызметі еңбек көші-қоны ретінде қаралмайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

6-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде еңбек қызметін жүзеге асыруы

Әскери қызметтегі адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде еңбек қызметін жүзеге асыруға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатымен шетелге баруын шектеуге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жол беріледі.

7-бап. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына еңбек көші-қоны бойынша келу шарты

Қазақстан Республикасына азаматтығын ауыстыруға байланыссыз, еңбек көші-қоны ретімен келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, егер мемлекетаралық келісімдерде өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрғылықты жері болуға тиіс.

Қазақстан Республикасына келген және жергілікті атқарушы органдардың тиісті рұқсатынсыз еңбек қызметін жүзеге асырушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, егер мемлекетаралық келісімдерде өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдары Қазақстан Республикасынан кетіруге тиіс.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.06 N 276 (орыс тіліндегі мәтінге өзгерту енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді) Заңымен.

8-бап. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруының шарттары

Қазақстан Республикасында уақытша жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар жеке кәсіпкерлік субъектілері бола алады.

Бұл ретте заңды тұлға құрмай шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

Шетелдік жұмыс күшін тартатын, жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өз қаражаты есебінен қазақстандық азаматтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.01.12 N 227 Заңымен.

3-тарау. Көшіп келу

9-бап. Оралмандардың көшіп келу квотасын белгілеу

9-бап. Оралмандардың көшіп келу квотасын белгілеу

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша оралмандардың алдағы жылға және (немесе) перспективаға арналған көшіп келу квотасын белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі оралмандардың көшіп келу квотасын уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстарын ескере отырып, облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бойынша таратып б ө л е д і .

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 N 276 Заңымен.

10-бап. Көшіп келушілердің құқықтары мен міндеттері

Тұруға ықтиярхат алған көшіп келушілер Қазақстан Республикасында барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей міндеттерді мойнына алады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

11-бап. Көшіп келушілер болып табылмайтын адамдар

Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер олар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бөлімдерде әскери қызметте тұрса;

2) дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдардың құрамына кірсе;

3) Қазақстан Республикасында оқуда немесе өндірістік практикада жүрсе;

4) Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асырса;

5) Қазақстан Республикасында ресми тіркелген діни бірлестіктерде кәсіби қызметті жүзеге асырса;

6) Қазақстан Республикасында тіркелген шетел бұқаралық ақпарат құралдарының, радиосы мен теледидарының өкілдері болса;

7) Қазақстан Республикасына турист ретінде, қайырымдылық әрі ізгілік көмек көрсету және іскерлік кездесулерді жүзеге асыру мақсатында келсе;

8) теңіз және өзен кемелері, әуе, темір жол және автомобиль көліктері экипаждарының мүшелері болса, көшіп келушілер болып табылмайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды көшіп келушілер деп танымайтын басқа да жағдайларды белгілеуі мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдардың құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасының

халықаралық шарттарымен белгіленеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313, 2007.01.12 N 227 Заңдарымен.

1 2 - б а п .

Ескерту. 12-бап алынып тасталды - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

13-бап. Көші-қон іс-шараларын қаржымен қамтамасыз ету

Көші-қон іс-шараларын қаржымен қамтамасыз ету республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат, сондай-ақ ұйымдардың, соның ішінде шетелдік ұйымдардың ерікті аударымдары, жеке адамдардың қайырмалдығы есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

14-бап. Оралман мәртебесін беру және (немесе) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу

1. Оралман мәртебесін беру және (немесе) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу туралы өтінішті отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі жеке өзі уәкілетті органның аумақтық органына береді. Жеке өзі жүгінуі мүмкін болмаған жағдайда өтініш беруші уәкілетті өкілге жүгінуге нотариалды расталған сенімхатты оралман мәртебесін беру және (немесе) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу туралы өтінішпен қоса береді.

2. Оралман мәртебесін беру және (немесе) оралманның отбасын оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу туралы өтінішті қарауды, сондай-ақ осы мәселелер бойынша шешім қабылдауды уәкілетті органның аумақтық органы уәкілетті органның аумақтық органында тіркелген күнінен бастап екі ай ішінде жүзеге асырады.

Оралман мәртебесін беру өтініш берушілер осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады.

Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген критерийлерді ескере отырып және тәртіппен жүзеге асырылады.

Оралмандардың көшіп келу квотасына оралман отбасының Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын мүшелері енгізілмейді.

3. Оралманға уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша куәлік беріледі. Оралманның куәлігі қатаң есептілік құжаты болып табылады және оның мәртебесін растау үшін негіздеме болады.

4. Оралман мәртебесі ол Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін тоқтатылады.

5. Уәкілетті органның аумақтық органдарының шешімдеріне уәкілетті органға және (немесе) сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 N 276 Заңымен.

15-бап. Оралмандардың, олардың отбасылары мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Оралмандардың және олардың отбасылары мүшелерінің жеңілдіктерді, өтемақыларды, біржолғы жәрдемақыларды, сондай-ақ жәрдемақылар мен атаулы көмектің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа да түрлерін а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Осы Заңның 29-4-бабында көзделген қосымша жеңілдіктерді, өтемақылар мен біржолғы жәрдемақыларды қоспағанда, жеңілдіктерді, өтемақыларды, жәрдемақыларды және атаулы көмектің басқа да түрлерін алу құқығы оралмандардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына қарамастан, оралман мәртебесі берілген күннен бастап үш жыл бойы с а қ т а л а д ы .

2. Оралмандар мен олардың отбасыларының мүшелері:

1) уәкілетті органның аумақтық органдарына оралман мәртебесін беру және (немесе) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу туралы өз өтініштерін қарау үшін қажетті отбасының барлық мүшелеріне дұрыс мәліметтерді табыс етуге;

2) денсаулық сақтау органдарының талап етуі бойынша медициналық тексеруден өтуге, екпелер қабылдауға, емделу курсынан өтуге, сондай-ақ денсаулық сақтау органдарының нұсқамаларын орындауға;

3) оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығына жолдама алған кезде үш күннің ішінде сонда қоныстануға және оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында болудың белгіленген кезеңі аяқталғаннан кейін өздеріне берілген үй - ж а й д ы б о с а т у ғ а ;

4) уақытша орналастыру орталығында және оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында болудың белгіленген тәртібін сақтауға міндетті.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 N 276 Заңымен.

15-1-бап. Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы

Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы мемлекеттік мекеме н ы с а н ы н д а қ ұ р ы л а д ы .

Оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында болуы және оларға бейімдеу қызметтерін көрсету тәртібі мен уақытын уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.06 N 276 Заңымен.

16-бап.

Ескерту. 16-бап алынып тасталды - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

17-бап.

Ескерту. 17-бап алынып тасталды - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

18-бап. Лауазымды адамдардың заңсыз көшіп келушілерді жұмысқа қабылдағаны үшін жауапкершілігі

Меншік нысандарына қарамастан ұйымдар басшыларының Қазақстан Республикасы аумағына заңсыз келген көшіп келушілерді жұмысқа қабылдау жөніндегі қасақана іс-әрекеттері, сондай-ақ лауазымды адамдардың олардың қатысуымен нотариаттық немесе қандай да бір заңдық іс-әрекеттер жасауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендей жауапкершілікке әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313, 2007.07.06 N 276 (орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді) Заңдарымен.

4-тарау. Көшіп келудің түрлері. Көшіп келушілердің келу тәртібі. Тұруға ықтиярхаттар

19-бап. Отбасымен көшіп келу

Көшіп келушінің отбасын мына адамдар құрайды: жұбайы (зайыбы), олардың ата-аналары және оның қарауындағы (соның ішінде асырап алған) балалары, сондай-ақ ата-аналары немесе бұрынғы тұрған жерінде оларды бағып-күтуге міндетті қорғаншылары жоқ кәмелетке толмаған аға-інілері, апа-сіңлілері.

Қазақстан Республикасына он сегіз жасқа дейінгі балалардың қоныс аударуы олардың ата-анасының және асырап алушыларының (қорғаншыларының немесе қамқоршыларының) келісімі бойынша шешіледі. Бұл орайда он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға олардың нотариат куәландырған келісімі ұсынылады. Дербес отбасын құрмайтын, бірақ Қазақстан Республикасына ата-анасынан (қорғаншыларынан немесе қамқоршыларынан) бөлек қоныс аударатын он сегіз жасқа толмаған жасөспірімдерге қатысты олардың ата-анасының (қорғаншыларының немесе қамқоршыларының) ресми куәландырылған жазбаша келісімі талап етіледі.

20-бап. Ұжымдық көшіп келу

Ұжымдық көшіп келу Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарихи отанына ұжымды түрде қайтып оралуға тілек білдірген адамдарды ұйымдастырып көшіру туралы шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

21-бап. Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келу тәртібі

Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасы аумағына келуін ресімдеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

22-бап. Шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасына келуіне бас тарту

негіздері

Шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасына:

а) мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті немесе халықтың денсаулығын сақтау мүдделеріне орай;

б) егер оның іс-әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге б а ғ ы т т а л с а ;

в) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

г) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты тұтандырса;

д) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

е) егер ол террористік әрекеті үшін сотталған болса не сот оны аса қауіпті р е ц и д и в и с т д е п т а н ы с а ;

ж) егер ол, оралмандарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында тұрған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасында болу және одан шығып кету үшін қажетті қаражатының бар екендігі туралы растауды т а б ы с е т п е с е ;

з) егер оның Қазақстан Республикасында бұрын болған кезінде шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнаманы, Қазақстан Республикасының кеден, валюта немесе өзге де заңнамаларын бұзған фактілері а н ы қ т а л с а ;

и) егер ол келу туралы өтініш жасаған кезде өзі жөнінде жалған мәліметтер хабарласа немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде табыс етпесе, келуіне бас тартылуы мүмкін.

Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шығарып жіберу туралы шешім шығарылған күннен бастан бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.01.12 N 227 Заңымен.

23-бап. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына арналған құжаттар

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға уәкілетті органнан рұқсат алған шетелдіктерге шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат, ал азаматтығы жоқ адамдарға - азаматтығы жоқ адамның куәлігі беріледі.

Шетелдікке Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат және азаматтығы

жоқ адамның куәлігін беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313, 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартудың не тұрақты тұруға рұқсатты жоюдың негізі

Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға:

1) көрінеу заңсыз көшіп-қонушыларға, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін өздері шыққан елдердің заңнамасы бойынша қудалауға ұшыраған адамдарға;

2) сотталғанға дейін тұрақты тұратын жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға;

3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған адамдарға;

4) оралмандарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында тұрған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, өзінің төлем қабілеттілігін растауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде табыс етпеген адамдарға;

5) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау органдарының қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында эпидемияның таралуына себепші болуы мүмкін сырқаты бар адамдарға;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шешімдері негізінде шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнаманы бұзған адамдарға;

7) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты тұтандыратын адамдарға;

8) әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған адамдарға;

9) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шыққан, оның бірлігі мен аумағының тұтастығын бұзуға шақырған адамдарға;

10) террористік әрекеті, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылуы не бұрын берілген рұқсат жойылуы мүмкін. Бұл ретте қылмыстың ауырлығы, сотталғандығының болуы немесе болмауы Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады;

11) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы

өтінішатпен жолданған кезінде өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмаған адамдарға;

12) Қазақстан Республикасынан бұрын шығарып жіберілген адамдарға;

13) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса, Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылуы не бұрын берілген рұқсат жойылуы мүмкін.

Тұруға ықтиярхат және азаматтығы жоқ адамның куәлігін беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым ж а с а л у ы м ү м к і н .

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.01.12 N 227 Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Саяси баспана беру

Қазақстан Республикасының шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беруі туралы өтінішін қанағаттандыруды немесе қабылдамауды әрбір нақты жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті жүргізеді.

26-бап.

Ескерту. 26-бап алынып тасталды - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

27-бап. Оралман отбасының оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілетін мүшелері

Оралмандардың көшіп келу квотасына оралман отбасының мынадай бірге тұратын мүшелері енгізіледі:

1) жұбайы (зайыбы);

2) ата-анасы;

3) балалары (оның ішінде асырап алынған) және олардың отбасыларының мүшелері;

4) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек, отбасылары жоқ аға-інілері мен әпке-қарындастары (сіңлілері).

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 N 276 Заңымен.

28-бап.

Ескерту. 28-бап алынып тасталды - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

29-бап.

Ескерту. 29-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.20 N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

29-1-бап. Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу

Көшіп келушілерді Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-1-баппен толықтырылды - ҚР 2001.11.10 N 255, өзгерту енгізілді - 2007.01.12 N 227, 2007.07.06 N 276 Заңдарымен.

4-1-тарау. Оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне берілетін жеңілдіктер, өтемақылар, біржолғы жәрдемақылар, сондай-ақ жәрдемақылар мен атаулы көмектің басқа да түрлері

Ескерту. 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), тақырыбы жаңа редакцияда - 2007.07.06 N 276 Заңдарымен.

29-2-бап. Орталық мемлекеттік басқару органдары

Халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін орталық мемлекеттік органдар оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне:

1) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар:

Қазақстан Республикасының заңдарына немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес зейнетақы төледі;

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты жәрдемақылар төледі;

"Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төледі;

азаматтығы қалпына келтірілгендердің "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өтемақыға құқықтарын іске асыруды;

оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне біржолғы жәрдемақылар мен өтемақылар төледі;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде квота бөлуді;

3) Сыртқы істер министрлігі:

Қазақстан Республикасына келуге виза беру үшін консулдық алымдардан босатуды; Қараңыз.V106372, P090197

4) Қорғаныс министрлігі:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қарулы Күштер қатарында қызмет атқаруға шақыруды кейінге қалдыруды қамтамасыз е т е д і .

Ескерту. 29-2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.06 N 276, 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-3-бап. Жергілікті атқарушы органдар

1. Халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жергілікті атқарушы органдар:

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуды;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы: "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді; жұмысқа орналасуда, біліктілігін арттыруда және жаңа мамандықты игеруде көмек көрсетуді;

мұқтаж болғандарға мектептерден, мектепке дейінгі ұйымдардан, сондай-ақ әлеуметтік қорғау мекемелерінен орын беруді;

мемлекеттік тілді және орыс тілін оқып-үйренуге жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына оралмандардың көшіп келу квотасынан тыс көшіп келген оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне жеңілдіктер мен өтемақылар белгілеуге құқылы.

3. Оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бау-бақша өсіру және саяжай салу үшін жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес ауылдық елді мекендердің ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерінен, көшіп келушілер жер қорынан, арнаулы жер қорынан және жер запасынан уақытша қайтарымсыз жер пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.06 N 276 Заңымен.

29-4-бап. Оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне берілетін қосымша жеңілдіктер, өтемақылар мен біржолғы жәрдемақылар

Мемлекет оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар мен олардың отбасыларының мүшелеріне осы Заңның 29-2 және 29-3-баптарында көзделген жеңілдіктермен, өтемақылармен, жәрдемақылармен және атаулы көмектің басқа да түрлерімен қатар:

- 1) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган: мүлікті шекара арқылы кеден төлемдерін алмай өткізуді;
- 2) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті о р г а н :

тұрақты тұратын жеріне жол жүру және мүлкін (оның ішінде малын) жеткізу жөніндегі шығыстарды өтеуді;
тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлуді;
біржолғы жәрдемақылар төлеуді қамтамасыз етеді.

Оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне жол жүру және мүлкін (оның ішінде малын) жеткізу жөніндегі шығыстарды өтеу, тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і а й қ ы н д а й д ы .

Ескерту. 29-4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 N 276 Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. Көшіп кету

30-бап. Эмигранттардың кетуін ресімдеу тәртібі

Көшіп кетушілердің кетуін ресімдеу тәртібін Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і б е л г і л е й д і .

Ескерту. 5-тарауға және 30-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

31-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан кетуін қаржыландыру

Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа мемлекеттерге тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасынан кетуіне байланысты шығындарды қаржыландыру көшіп кетушілердің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, басқа көздерден де жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттерге тұрақты тұру үшін кететін Қазақстан Республикасының азаматтары өздеріне және өз отбасыларының мүшелеріне тиесілі меншік құқығы бар мүлкі мен соларға теңестірілген мүлкілік игіліктерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз есебінен әкетуге құқылы.

Азаматтардың мемлекет үшін мәдени, тарихи немесе өзге де жағынан құнды заттарды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуі Қазақстан Республикасының тиісті заңдарымен және мемлекетаралық шарттармен реттеледі.

Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттерге тұрақты тұру үшін кеткен адамдардың Қазақстан Республикасы аумағындағы мүлікке құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

32-бап. Қазақстан Республикасынан кетуге рұқсат беруден бас тарту негіздері

Қазақстан Республикасының азаматына заңдарға сәйкес мынадай жағдайларда, егер ол:

1) мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді білетін болса - осы мән-жайлардың күші тоқтатылғанға дейін;

2) қылмыс жасау сезігі бойынша ұсталып не айыпкер ретінде тартылса - іс бойынша шешім шығарылғанға немесе сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін;

3) қылмыс жасағаны үшін сотталған болса - жазасын өтегенге немесе жазадан босатылғанға дейін;

4) өзіне сот жүктеген міндеттемелерді атқарудан жалтарып жүрсе, - міндеттемелерді орындағанға дейін немесе тараптардың келісімге қол жеткізуіне дейін;

5) міндетті мерзімді әскери қызметтен өтіп жүрсе - осы қызметтен өтуді аяқтағанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес одан босатылғанға дейін;

б) Қазақстан Республикасынан кетуге құжаттар ресімдеу кезінде өзі туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарласа - осындай құжатты ресімдеуші орган мәселені шешкенге дейін, бірақ бір айдан аспайтын уақытқа;

7) азаматтық сот ісінде жауапкер болып табылса - іс бойынша шешім шығарылғанға немесе сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасынан кетуге рұқсат беруден бас тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматына салықтық берешегі болған кезде басқа елге тұрақты тұру үшін одан тыс жерлерге шығуға рұқсат етілмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа елге кетуіне, онда

төтенше жағдай қалыптасқан болса, соның салдарынан Қазақстан Республикасының азаматтары ол елге бара қалған жағдайда олардың қауіпсіздігіне қатер төнуі мүмкін болса, уақытша шектеу енгізуге құқылы.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау. Көші-қон процестерін басқару

33-бап. Уәкілетті орган

Қазақстан Республикасында көші-қон процестерін реттеуді және халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 N 276 Заңымен.

34-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

- 1) Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін талдайды және оған
б о л ж а м ж а с а й д ы ;
- 2) халықтың көші-қонын реттеу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар талдап
ж а с а й д ы ;
- 3) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі бағдарламалар мен нормативтік
құқықтық актілерді әзірлейді және жүзеге асырады;
- 4) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- 5) оралмандардың көшіп келу квотасын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар
т а л д а п ж а с а й д ы ;
- 6) оралман мәртебесін беру тәртібін айқындайды;
- 7) оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің уақытша орналастыру
орталығында болу тәртібін айқындайды;
- 8) оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің оралмандарды бейімдеу
және кіріктіру орталығында болу және оларға бейімдеу қызметтерін көрсету
тәртібі мен уақытын айқындайды;
- 9) келген оралмандарды тіркеуді, есепке алуды жүзеге асырады;
- 10) алып тасталды - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми
жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
З а ң ы м е н ;
- 11) уәкілетті органның аумақтық органдарының оралман мәртебесін беруден
және оралмандардың көшіп келу квотасына енгізуден бас тартуы туралы
шағымдар бойынша шешімдер қабылдайды;
- 12) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы
Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген

өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 N 276, өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.04 N 217-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап.

Ескерту. 35-бап алынып тасталды - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

7-тарау. Қорытынды ережелер

36-бап. Өтінішті қарауға байланысты шығындарды төлеу тәртібі

Оралмандар деп танылған адамдар өтінішті қараудың барлық сатыларында мемлекеттік органдар шегетін шығындарды төлеуден босатылады.

Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.27 N 313 Заңымен.

37-бап. Құқық бұзғаны үшін жауапкершілік негіздері

Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған, әкімшілік немесе өзге де құқық бұзған көшіп келушілер Қазақстан Республикасы бекіткен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленген жағдайлардан басқа реттерде, Қазақстан Республикасының азаматтарымен ортақ негіздерде жауапкершілікті болуға тиіс.

38-бап. Халықтың көші-қоны туралы халықаралық шарттар

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар оның заңдары алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шартты қолдану үшін оған заң шығару талап етілетін реттерді қоспағанда, тікелей қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта көші-қонның осы Заңдағыдан өзге ережелері белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

39-бап. Дауларды шешу

Көші-қон мәселелері жөніндегі даулар осы Заңда белгіленген тәртіппен және сот тәртібімен шешіледі.

40-бап. Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз келгені және Қазақстан Республикасынан заңсыз кеткені үшін жауапкершілік

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз келгені немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан заңсыз кеткені үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

41-бап. Ішкі көші-қон

Халықтың ішкі көші-қоны саласындағы қатынастарын реттеудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК